

# ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

**Сабри ХИЗМЕТЛИ**  
(Түркістан)

## ТҮРКІСТАН ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІ

*В статье говорится о материалах до исламской истории тюрков*

*Makalede İslam öncesi Eski Türk tarihinin belgeleri ele alınmaktadır.*

Түріктердің ең алғаш орналасқан жері болған Түркістанның тарихи деректері аңыздар мен жазбаша әдебиеттерден пайда болған. Тарихи өлендер, халық өлендері, қаһармандық өлендер мен хикаялар, рубаяттар, дастандар ауыз әдебиеттерін құрайды. Осы ауыз әдебиеттері түріктердің ежелгі мәдениеті негізінде туған, халықтың ғасыр бойы жүргегі мен тілінде сақталып бүгінге дейін келген. Босқыр түрік мәдениеті де, Анатолия алғашкы дәуіріндегі түрік мәдениеті де негізінен, ауыз әдебиеті жөніндегі деректерге сүйенеді.

Ауыз әдебиеті негізіндегі деректердің бір адамның өмірбаянымен, халықаралық оқиғалармен, бір халықтың мәдениетімен, халықтардың қарым-қатынасымен байланысында берілген мәліметтердің маңызы зор.

Түркістан тарихының жазба деректеріне келетін болсақ, тұлғалар мен жүздер туралы жазылған шежірелер, билеушілер, халық қаһармандары, соғыстар, табиғат оқиғалары мен әлеуметтік мәселелер жайлы жазылған жазулар, сыйбалар, саяхатнамалар, уақытша баспалар, мазар мен құлпытастар, ақшалар, жазба дастандар мен мұражай құжаттарынан пайда болуда.

Түрік тарихы туралы көптеген жазба деректер бар. Бірқатары қол жазбалар, қалғаны басылым кітаптары. Көптеген тілдерде жазылып, түрлі тақырыптар мен дәуірлерді қамтитын деректер төмендегі түрде беріледі:

- Жалпы түрік тарихы туралы деректер;
- Батыс түрік тарихы туралы деректер;
- Шығыс түрік тарихы туралы деректер;
- Үндістан түрік тарихы туралы деректер.
- Жазулы түрі бойынша да түрік тарихының деректері:
- Жалпы тарих;
- Арнайы тарих (қала және аймақ тарихтары);
- Тарихи жағрафия еңбектері;
- Саяхатнамалар;
- Соғыс кітаптары;
- Хикая кітаптары;
- Күнделіктер мен мұрағаттар;
- Зерттеулер.

Атакты тұрік тарихшыларының бірі болған Зеки Велиди Тоған “Тарихте Усул” атты еңбегінің қосымша бөлімінде тұрік тарихының деректерін бөлек баптармен жазған.

Тұрік тарихымен байланысты еңбектер тұрлі дәуірлерде және көптеген тілдерде, атап айтқанда, қытай, үнді, монгол, грек, латын, орыс, араб, ағылшын, алман (неміс), парсы, тұрік т.б. тілдерде жазылған.

Тұрік тарихының деректері Исламнан бұрынғы, Исламнан кейінгі делініп, X ғасырдан бұрын және XVI ғасырдан кейінгі кезеңдерге бөлінеді.

### **Исламнан бұрынғы тұрік тарихының деректері**

Тұрік жазба тілі Isa Пайғамбардың туылған дәуірінің алғашқы жылдарында басталған деген болжам бар. Бұл жазу тілдің алғашқы нұсқалары V және одан кейінгі ғасырларда көрінеді. Енисей жазбалары, Орхон ескерткіштері тұрік жазу тілінің алғашқы өрнектері. XII ғасырға дейін қолданған жазу тілін “Ескі тұрікше” деп атаған. Бұл жазу тілі Енисей жазбалары мен Орхон ескерткіштерінен кейін бес-алты ғасыр жалғасып келіп, Орта Азия және тұріктердің қоныстанған жерлеріне тараған.

Ескі тұрікшемен жазылған деректер – ежелгі тұрік тарихының ең маңызды деректері. Тұрік тарихы сол деректерден басталған. Өйткені тарих жазба деректерден басталады, жазба деректер жок болса тарих та жок, тарих және тарихшының қолдануы мен бағалануы нәтижесінде “Тарих ғылымы” ортаға шығады.

Түркістан тарихнамасының ең көне үлгісі болған Орхон ескерткіштері туралы төменде терен мәлімет берілген.

### **Орхон ескерткіштері**

Тұрік тарихының ең көне жазба деректерінің бірі Енисей жазбаларынан бір-екі жыл кейін жазылған Орхон ескерткіштері болған. Көктүрік дәуірінен калған алғашқы тұрік жазба деректері тасқа қашалып жазылған. Орхон ескерткіштеріндегі жазулар тұрік мемлекет басқарушыларының міндеттері мен борыштарын, халық пен үкіметтің қарым-қатынасын, тұріктердің салт-дәстүрлерін, мәдениеті мен өркениетінің ерекшеліктерін, тұрік әскерлерінің даналығын көрсетеді. Тұрік жазба тілінің алғашқы және өте бағалы бір үлгісі Орхон ескерткіштерінің адамзат әлеміндегі әлеуметтік мәселелерін жазып түсіндірген құлпытастары болған.

Орхон ескерткіштері Isa Пайғамбардан бұрынғы ғасырларда ғұндар тарапынан құрылған және тұрлі ұрпақтар мен ру-тайпаларының басқаруымен жалғасып келген Азиядағы үлкен тұрік империясы көктүріктердің (6-8 ғасырларда өмір сүрген) атакты патшасы Білге хан дәуірінде (8-ғасыр) жазылған. Көктүрік мемлекеті Елтіріс ханының ұлы Білге хан өлгеннен кейін он жылдан соң (745), ұйғырлардың жаугершілігімен жойылды.

Орхон ескерткіштері “Орхон жазбалары” деп те аталады. Дүниежүзі тарихында өте маңызды орын алған бұл ескерткіштердің біріншісі Күлтегінге

ағасы Білге хан тарапынан 732 жылы жасалынды. Екінші Білге хан ескерткіші өзі өлгеннен соң бір жылдан кейін 735 жылы өз баласы Хан тарапынан жасалынды. Үшінші Тонықек ескерткіші 720-725 жылдары өз тарапынан жасалынған.

Күлтегін ескерткіштеріне оның ел басқару кезеңінде өз мемлекетінің күшеюіне қосқан үлесі тасқа қашалып жазылған, оны осы үлесін көрсету және өзінің өнерін таныту мақсатында інісі Білге хан жасады. Ескерткіштегі түрікше мен қытайша жазылған жазбалар түрік-қытай достығын көрсетеді.

Орхон ескерткіштері адамзат тарихында маңызды орын алды. Ескерткіштердегі жазуды тұңғыш рет оқыған және аудармасын жасаған Томсон мен Радлов. Кейіннен бұл зерттеулерді басқа зерттеушілер жалғастырып осы күнге дейін жеткізді. Бұл ескерткіштерді зерттеуде Түрік ғалымы Талат Текиннің қосқан үлесі үлкен.

Орхон ескерткіштерін кітап ретінде алғаш рет Богазичи баспаханаы басып шығарды. Мұхаррем Ергин басылымға дайындаған кітап осы Күлтегін, Білге хан, Тонықек ескерткіштері туралы сыр шертеді. Алғысөз, аударма, жазбалар, сөздік, Орхон жазулары және деректер бөлімдерінен тұратын бұл кітапта Орхон жазбалары сөзбе-сөз аударылған. Жазба бөлімінде ескерткіштердің негіздері біріктіріліп, бұл жайында жарық көрген баспалар салыстырылып, ең соңғы басылым болып шығарылды. Сөздік бөлімінде ескерткіште берілген барлық сөздер келтірілген. Орхон жазулары бөлімінде жазулардың тұпнұсқалары жазылып, деректер бөлімінде ескерткіштердің үлгілері берілген.

Мұхаррем Ергин дайындалған, Богазичи баспаханаында басылып шыққан осы баға жетпес кітаптың алғы сөзінде Орхон ескерткіштерінің тарихи тақырыптағы маңызды болған сипаттарда және тарихи тақырыптарда өте маңызды сипаттары жөнінде мағлұмат берілген. Бұл мағлұматтар 9 басылымның (Ыстанбул 1983) “алғысөзінде” көрсетілген. “Орхон ескерткіштері” атты осы кітаптың соны пайдаланылған зерттеу еңбектерінің тізімімен толықтырылған.

Көне түрік жазбалары туралы деректер арасында “Диуани лұғат-ат-түрік” пен “Кудатқу білік” еңбектері маңызды орын алады. Бұл екі еңбек көне түрік тарихының ерекше үлгісі бола алады.

Түркістан тарихнамасы аймақтық және жалпы тарихшылық түрінде дамып, ғасырлар бойы түрік, араб, парсы тілдерінде түріктердің мәдениетін дүниежүзіне танытты.

Монғол шапқыншылығымен бірге Түркістанда тарихшылық “Монғол мектебі” және “Темурииттер мектебі” болып екі түрде дамыды.

Монғол басқарушыларының шатырына жақын орналасқандар мен ресми қызметкерлер тарапынан жазылған “монғол мектебіне” тиісті кезеңдердің басында Ата Мелик Джувейnidің (ө.681/1283) Тарих-и Джихангуша атты еңбегі орын алады. Бұл мектептің ең танымал өкілі және Джувенидің шәкірті Ілхан уәзірі Решидуддин Фадлаллах (ө.718/1318)

Джамиу'т - Теварих'и монгол тарихнамасының мэртебесі болып саналады.

Негізінен бірнеше адамның қатысуымен және Решуидиддин тарапынан басылып шығарылған бұл енбек монгол тілінде жазылған. Жалпы тарих сипаттамасында Джамиу'т-Теварих'и бір жағынан Шыңғыс ханың коршаган ортасының тарихы, екінші жағынан оның шежіресі. Кейбір бөлімдерде қытай, үнді және Европа халықтары туралы айтылған “тарихи энциклопедия” болып табылады.

Темуриттер мектебіне келетін болсак, Темір қатыскан ұрыстар мен сол ұрыстарда жеткен женістерін жазып жүргү үшін қасына хатшылар және тарихшылардан құрылған бір топты алғып жүріп, тарихи оқиғаларды жазып қалдыруды маңызды қадам жасаған. Темуриттер дәуіріндегі оқиғаның даму себептері Темірдің өз ерекшеліктеріне байланысты туындаған. Бала кезінен Ислам мәдениетін бойына сініріп өскен Темір жақсы өскер адамы болуымен катар, мәдениетке, білімге және өнерге үлкен мән берген. Темір тарихта карапайымдылық пен өзара түсінушіліктің болуын қалады. Өлеңдер мен жырлардың жұрттың барлығына түсінікті болатындей стильде жазылуын қалады. Шыңғыс билеушілерінің женістері мен жетістіктерін халықка және келешек үрпаққа көркем тілмен жеткізуін көкседі. Осы мақсатпен парсы, ұйғыр және басқа мемлекеттердің ғылыми өкілдерін қасына жинауга тырысты. Алайда, темір дәуірінің тарихи жазба еңбектерінің кейбіреулері ғана бізге жетті.

Темуриттер дәуірінде ұйғырлармен түрікше жазылған “Тарих-и Хани” енбегінен басқа еңбектердің көбі ұйғырша жазылды. Оның басында Низаметтин Самидін Зафернамесі, Шерефеддин Ездедін (ө.1454) Зафернамесі, Мұхаммед б. Фадллах Мусевидің “Тарих-и Хайраты”, Шейх Мұхаммед Зенги Аджемидін “Джуш-у-Хурушу”, Таджұс Селаминидін “Тарихнамесі” және Мирза Улуғ Вейдін “Тарих-и Ербаа-ы Улусу” атты еңбектері тұрады.

Темуриттер дәуірінің ең маңызды орталықтарының бірі - Херат каласы. “Херат мектебі” болып аталған тарихи ағымның көрнекті өкілдері Хафіз Ебру (ө.833/1538-36), Мирхондтың (ө.903/1498) немересі Хондмир (ө.942/1538-36) болған. Осы тарихшылар және Мирхонд Тарихнамасы туралы пікірлер, атакты «Равзату'с-Сафа» атты еңбекте айқын көрсетілген.

Қорытынды ретінде Түркістан тарихнамасының ерекшеліктерін атап айтқым келеді. Исламнан бұрынғы және Исламнан кейінгі дәуірлерде Түркістан тарихы туралы жазбалар “жазбалы тарих” пен “ауыз әдебиеті негізіндегі тарих” түрінде болған. Осы тұрдегі тарих жазбашылығы басқарушылар мен олардың әuletтерін, өмірлерін, қатыскан ұрыстарын, қаһармандықтарын, мемлекетаралық қатынастар мен байланыстарды сипаттаған. Бұл еңбектерде әлеуметтік және әкономикалық тақырыптарға үлкен мән берілмеген.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Р.Оғыз Түрккан, Түріктердін аталары және түрік-монгол қатынастарының мәселесі, Түрік дүниесінің зерттеулері, Маусым 1987 (R.Oğuz Türkkan, Türklerin Ataları ve Türk-Mogol İlişkileri Meselesi, Türk Dünyasının Araştırmaları, Haziran 1987).
2. Түрік дүниесінің зерттеулері, Зеки Велиди Доған, Жалпы түрік тарихына кіріспе, ыстамбул 1970.  
(Türk Dünyası Araştırmaları, Z. Velidi Togan, Umumi Türk Tarihine Giriş, İstanbul 1970).
3. Бахаттин Өгел, Үлкен Хун Империясы I-II, Анкара 1981.  
(Bahattin Ögel, Büyük Hun İmparatorluğu, I-II, Ankara 1981).
4. Иса Доған, Түріктік және Алевиттік, Самсун Анкара 1987.  
(İsa Doğan, Türklik ve Alevilik, Samsun 1987).
5. Камуран Гүрүн, Түріктер мен Түрік мемлекеттерінің тарихы, Анкара 1984  
(Kamüran Gürün, Türkler ve Türk Devletleri Tarihi, Ankara 1984).
6. С.К.Сафероглу-А.Мұддерісогду, Түрік мемлекеттерінің тарихы, Анкара 1986  
(S.K.Seferoğlu- A.Müderişoğlu, Türk Devletleri Tarihi, Ankara 1986).
7. Емель Есин - Исламиеттен бұрынғы Түрік мәдениетінің тарихы мен Исламды қабылдау. ыстамбул 1978  
(Emel Esin, İslamiyetten Önce Türk Kültür Tarihi ve İslam'a Giriş, İstanbul 1978).
8. Нихал Атсыз, Түрік тарихы бойынша жинақтар, ыстамбул 1935  
(Nihal Atsız, Türk Tarihi üzerinde Toplamalar, İstanbul 1935 ).
9. Р. Мантран, Л'Експрецион Мусулман (VII-X.F), Париж 1969  
(R. Mantran,L'Exspension Musulman (VIIe-X.e siecles)6 Paris 1969).
10. 3. Велиди Тоган, Түркістанның Бүгіні мен жақын өткені- Мысыр 1940 (Z. Velidi Togan, Bügünkü Türkistan ve Yakın Mazisi, Mısır 1940).